



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > БІЛІМ БЕРУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРҒА ШОЛУ № 53 шығарылым (06.10.2015 - 16.10.2015)



[1]

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР

### [Ирландияда мектепке дейінгі білім берудің үш жылы тегін болады](#) [2]

*Irish Examiner, 14.10.2015*

Ирландияда келесі жылдың қыркүйегінен бастап 3 жастан бастауыш мектепке дейінгі білім беру тегін болады. Бұрын мектепалды білімнің тек бір жылы ғана тегін болатын.

Мектепке дейінгі білім беруге салынатын инвестициялар €47 млн-ға артады (ағымдағы инвестициялар мөлшері - €172 млн.). Есесіне ата-аналардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметтеріне жұмсайтын шығыны €1500-ға төмендейді.

Жыл сайын мектепке дейінгі тегін білім беру бағдарламасы 67 мың баланы қамтиды. Жаңашылдықтың арқасында оның ауқымын 127 мыңға дейін кеңейту жоспарлануда. Балалар және жастар ісі жөніндегі Министрдің пікірінше, осы бастама мектепке

дейінгі білім мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықтың дамуына септігін тигізеді.

Сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіне тарту көзделген. Осы мақсатты жүзеге асыру аясында педагогтердің біліктілігін арттыру, қажетті құрал-жабдықпен және тағы басқамен қамтамасыз ету жоспарланған. Осы мақсатқа €15 млн. қаржы бөлінді.

## **Мектепке жеті жасынан бару балаларда жағымды көрініс көрсетуде** [3]

*Washington Post, 07.10.2015*

Мектептегі оқытуды жеті жастан бастау балалардың психикалық денсаулығына жағымды ықпал етеді. Мұндай қорытындыға «Уақыт сыйы? Мектепте оқуды бастау жасы және психикалық денсаулық» (The Gift of Time? School Starting Age and Mental Health) зерттеуінің ғалымдары келді.

Ғалымдар даниялық 10 мың оқушының ментальді денсаулығының скринингтік зерттеулерін қолданды.

*Анықтама:* Данияда балалар, әдетте, мектепке алты жастан барады.

Зерттеу нәтижелері бойынша мектеп жасын бір жылға арттыру 11 жасқа толған оқушылардың немқұрайлылығы мен гипербелсенділігін орта есеппен 73%-ға төмендетеді. Сәйкесінше, бұл оқушылардың үлгерімін жақсартады.

Әлемнің көптеген дамыған мемлекеттерінде мектепте оқытуды мейлінше ерте жастан бастау үдерісі байқалады, бұл жағдай сарапшылардың арасында үлкен пікір-талас туындатуда.

Көптеген мамандар балалар ерте жастан академиялық жұмыспен емес, құрылымдық ойындар арқылы жақсы дамиды және оқытылады деген пікірлерді алға тартады.

## **АҚШ-тың Юта штатында мектепке дейінгі білім онлайн жетімді** [4] **болды**

*Washington Post, 09.10.2015*

Биылғы жылы АҚШ-тың Юта штатында 6600-ден астам бала UPSTART мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың онлайн-бағдарламасымен қамтылды. Балалар арнайы программалық қамсыздандыру көмегімен интерактивті сабақтар, ойындар және әндер топтамасы арқылы мектепке дейінгі білімді үйде алатын болды. Онлайн бағдарлама салық төлеушілердің төлемдері есебінен қаржыландырылады.

Бұл бағдарлама баланың оқу, математика және жаратылыстану бойынша оқу қызметіне күніне 15 минут ішінде қатысуын көздейді. Бағдарлама аясында әр балаға шаққандағы жыл сайынғы шығын \$800-ға дейін құрайтын болады. Бұл АҚШ-тағы мектепке дейінгі білім беруі ең қымбат саналатын Аризона штатының әдеттегі шығынынан екі есе төмен.

Мұндай бағдарламалар мектепке дейінгі білім беруге қолжетімділігі жоқ балаларды да тартып, қамту көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді. Өткен жылы АҚШ президентінің әкімшілігі ауылды жердегі балаларды бағдарламамен қамту және оның балалар дамуына ықпал етуін зерттеу үшін \$11,5 млн. мөлшерінде грант бөлінді.

Сондай-ақ, UPSTART мектепке дейінгі бағдарлама аясында ата-аналарды тарту да көзделген. Өткен жылы ата-аналар үшін ағылшын және испан тілдерінде мектепке дейінгі бағдарламаны пайдалану және балалардың оқытуға деген ынтасын арттыру бойынша 300-дей оқыту сессиясы шығарылды.

## **Массачусетс технологиялық институт магистрлік бағдарламаларға түсудің** [5]

### **жаңа түрін енгізуді жоспарлайды** [5]

*The Chronicle of Higher Education, 07.10.2015*

Массачусетс технологиялық институты (MIT) студенттерді магистрлік бағдарламаларға жаппай ашық онлайн курстар көмегімен қабылдауды жоспарлайды.

Тәжірибе «Логистиканы басқару» магистрлік бағдарламаларының бірінде жүргізіледі. Жоғарыда аталған MIT бағдарламасы бойынша EdX онлайн порталындағы курстарды сәтті аяқтаған студенттер Мини магистратура дәрежесін (MicroMaster's) алады. Бағдарлама аясында осындай дәрежені алу MIT-де бір семестрлік оқуға теңдестіріледі. Осылайша бұл студенттер үшін тікелей жоғары оқу орнындағы (бұдан әрі - ЖОО) оқу мерзімін бір семестрге қысқартады. Бұл, өз кезегінде, білім беру шығындарын қысқартуға септігін тигізеді.

*Анықтама:* 2012 жылдан бастап MIT мен Гарвард университеті бірлесіп қаланған EdX жобасын жүзеге асырады. Жобаның негізін қалаушылары жаппай ашық онлайн-курстарын (Massive Open Online Courses) осы платформа негізінде халыққа ұсынады. Оқытудың осындай түрі MIT академиялық дәрежесін алуды көздемейді.

MIT Президенті Рафаэль Райфтың пікірінше, пилоттық жоба сәтті жүзеге асырылған жағдайда оны басқа бағдарламалар үшін қолдану жоспарланған. Оның сөзіне қарағанда, қабылдаудың жаңа түрі талапкерлердің пулын мейлінше арттыруға көмектеседі. Әлемнің үздік ЖОО біріне түсуді бұрын-соңды қарастырмаған студенттер оның түлектеріне айналуы әбден мүмкін.

## **Венгрияда мектепке дейінгі білім беру 3 жастан бастап міндетті болады** [6]

*Eurydice, 15.09.2015*

2015 жылғы қыркүйектен бастап Венгрияда 3 жастан және одан үлкен барлық балалар мектепке дейінгі ұйымдарға баруға міндетті. Бұрын міндетті жас мөлшері 5 жас болатын. Мұндай түзету Білім беру туралы заңға енгізілді. Бұл өзгерістер жағдайы төмен отбасы балаларын ерте жастан дамыту және оқушылардың мектепті тастау көрсеткіштерін азайту үшін қажет болып отыр.

Кәсіби қолдау көрсету педагогтерді оқыту бағдарламасы арқылы көзделген. Бағдарлама балалардың дамуына жағымсыз жағдайлардың ықпалын бәсеңдетуді көздейді. Осы бағдарламаның бюджеті шамамен \$5 млн-ды құрайды.

## **Еуропада кәсіптік-техникалық білім берудің бәсекеге қабілеттілігі артады** [7]

*LSM.LV, 22.06.2015*

Ресми деректерге сәйкес бүкіл Еуропада 5 млн. жас адам жұмыссыз. Мұнымен қоса 2 млн. бос жұмыс орны талап етілмеген күйде. Солардың көбі – кәсіптік мамандықтар.

Осы мәселені шешу үшін ағымдағы жылдың 22 маусымында ЕО елдерінде кәсіптік-техникалық білім беру мен оқытуға жауапты министрлер Латвияда «Рига тұжырымдарына» қол қойды.

Бұл келісімшарт Еуропадағы кәсіптік-техникалық білім беру мен оқытуды жетілдіруге бағытталған. Әсіресе 2015-2020 жж. аралығында мұғалімдер мен оқытушылардың бастапқы және үздіксіз кәсіби дамуына баса назар аударылған.

Мәселен, егер Австрияда кәсіптік білімді оқушылардың шамамен 80%-ы таңдаса, Латвияда бұл көрсеткіш екі есе төмен.

«Рига тұжырымдарын» Еуропалық Комиссия және салааралық әлеуметтік әріптестер жалпыеуропалық деңгейде мақұлдады. Еуропадағы 11 млн. мұғалім мен оқытушы атынан өкілдік ететін Еуропалық кәсіподақтар және білім беру саласындағы әлеуметтік ынтымақтастық комитеті (ETUCE) келісімді қоштайды әрі қолдайды.

Барлық мемлекеттер жұмыс берушілер мен мектептер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайындығын растады. Жоспарға сай жұмыс орнында оқыту мүмкіндіктеріне ерекше көңіл бөлінеді. Кәсіби оқытуда тілді, математиканы және компьютерлік дағдыларды меңгеруге сүйену керектігі атап өтілді.

## **Ұлыбритания Үкіметі 16 жастан кіші оқушылар үшін міндетті тағлымдамадан өтуді қайтаруға шақырады** [8]

*TES, 14.10.2015*

Британдық Сыртқы сауда палатасы (British Chambers of Commerce) 3,5 мың бизнес-көсемі және мектеп, колледж және университет басшылары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізді. Білім берудегі көсемдердің 73%-ы және бизнес өкілдерінің 82%-ы мектепте 16 жастан кіші оқушылар үшін өндірістік тәжірибе жүргізілуі тиіс деп санайды. Жұмыс берушілердің 79%-ның пікірінше, ондай тәжірибе оқушыларды тәжірибелік дағдылармен қаруландыратын негізгі құрал болып табылады.

Сауалнама нәтижелері бойынша компаниялардың 66%-ы оқу кезінде 1-2 апталық тәжірибені,

47%-ы - мектеп демалысы кезіндегі тәжірибені, 30% - жұмыстың икемді графигін, 27% - ашық есік күндерін ұсынады. Компаниялардың 36%-ы ғана тағылымдамадан өтуді ұсынбайды. Осы ұйымдарды көбірек ақпараттандырған және қолдаған жағдайда олар оқушылар үшін де тағылымдама жүргізер еді.

Британдық Сыртқы сауда палатасының бас директоры Джон Лонгворт 2012 жылғы оқушылардың міндетті тағылымдамадан өтуін алып тастауды – абайсыз шешім деп санайды. Оқушылардың жұмыс тәжірибе алуы жастар арасындағы жұмыссыздықтың деңгейін төмендетуде маңызды қадам болып табылады.

*Анықтама: Ұлыбританияда, 2015 жылдың маусым-тамызында жарияланған ақпарат бойынша, 16-14 жас шамасындағы 683 мың жас адамдар жұмыссыз. Олар осы жас аралығындағы топтың 14,8%-ын құрайды.*

## **Оқушылар мектепті бітірген сәтінде өзін сенімсіздеу және бақытсыздау сезіне бастайды** [9]

*BBC, 15.10.15*

Demos талдау орталығымен 1 мың оқушы арасында зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес 9-сынып оқушылары (60%) 18 жастағы оқушыларға (33%) қарағанда өзін әлдеқайда бақытты сезінеді.

Жоғарғы сынып оқушыларының көбі мұғалімдер олардың табысқа жететіндігіне сенбейді деп санайды. Мәселен, 18 жастағы оқушылардың 13%-ы және 14 жастағы оқушылардың 5%-ы мұғалімдердің олар табысқа жетеді деп сенетіндігіне күмәнданады. Өз кезегінде, 18 жастағы оқушылардың шамамен 70%-ы 14 жастағы оқушылардың 46%-ымен салыстырғанда мектеп тапсырмасын орындамағаны үшін өзін кінәлі санайды. Жоғарғы сынып оқушыларының 31%-ы мұғалімдер оларды қорытынды емтихандарды сәтті тапсыруға ғана дайындайды деп санайды.

Зерттеу нәтижелері, сондай-ақ гендерлік сәйкессіздікті көрсетеді. Ұлдардың 50%-мен салыстырғанда қыздардың тек 39%-ы ғана өзін бақытты сезінеді.

Білім беру саласындағы сарапшылар мен мұғалімдер өмірдің барлық саласында табысқа жетуге бағаларға қарағанда, адамның мінезі, оның әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары көбірек әсер ететіндігімен келіседі. Білім беру департаменті спикерінің сөзіне қарағанда, барлық мектептер мектепте жылы шырайлы атмосфераны қалыптастырып, балалардың өмірлік дағдыларын дамытуы тиіс.

## **АҚШ-тың 11 штатында түзету мекемелерінің шығыстары** [10]

### **жоғары оқу орындарының шығыстарынан**

## асып түседі [10]

CNN, 01.10.2015

Американдық өнер және ғылым академиясы мемлекеттік оқу мекемелерін қаржыландыру туралы 2015 жылғы есепті жариялады. Есептің деректері бойынша кейбір штаттардағы (Мичиган, Орегон, Аризона, Вермонт, Колорадо, Пенсильвания, Жаңа Хэмпшир, Род Айленд, Массачусетс, Коннектикут) мемлекеттік ЖОО қаржыландыру 2008 жылмен салыстырғанда 20% қысқарды. Өз кезегінде, 1986 жылдан бастап түзету мекемелерін қаржыландыру 140% артқанын көрсетеді.

Осы аталған штаттардағы мемлекеттік білім беру мекемелерінде қаржыландырудың бірнеше көзі бар. Олар оқу үшін төленетін төлемақы, штаттың қаржыландыруы және федералдық қаржыландыру. Мысалы, Калифорния университетінде мемлекеттік қаржыландыру университет бюджетінің тек 9% құрайды, ал 2001 жылы бұл көрсеткіш 23% көрсеткен. Сарапшылар бұл жағдайды оқу төлемақының өсуімен түсіндіреді.

Өткен айда Обама әкімшілігі білім беруді қаржыландыруды түзету мекемелерінің шығындарын қысқарту есебінен арттыруды ұсынды. Білім беру министрі Арне Дунканның сөзіне қарағанда, зорлықсыз қызмыстар үшін қамауға алу алынып тасталатын болса, мемлекет білім беру үшін жылына \$15 млрд. артық қаржы үнемдей алады.

## Ұлыбритания Үкіметі жоғары оқу орындарындағы гранттарды білім беру несиелеріне ауыстыруға ниеттенеді [11]

BBC News, 24.09.2015

Ұлыбританияның Ұлттық Студенттер Одағы (The National Union of Students) үкіметке тұрмысы төмен отбасы студенттерімен жоғары білім алуда теңдікті қамтамасыз ету бойынша бастаманы ұсынды.

*Анықтама:* Ұлттық студенттер одағы (ҰСО) – Ұлыбританиядағы жоғары оқу орындарындағы студенттік ұйымдардың 95% (шамамен 600) біріктіретін құрылым.

Қазіргі кезде отбасының жылдық табысы £25 мыңнан төмен студенттер £3387 сомаға тең грант алуға құқылы. Оған қоса Лондоннан тыс жерде тұратын студенттерге £4047 мөлшерінде білім беру несиелері беріледі. Нәтижесінде студенттер жылына £7434 мөлшеріндегі соманы алуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар жылдық табысы £60 мыңнан төмен отбасылардан шыққан жастарға ішінара гранттарға да қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Келесі жылға дейін үкімет төлем құрылымын өзгертеді. Гранттар бөлімі толығымен несиелермен алмастырылады. Несиелерді өтеу қажеттілігінен еңбекақы деңгейі жылына £21 мыңнан кем болатын түлектер ғана босатылады.

# КЕҢЕС ҮКІМЕТІНЕН KEЙІНГІ КЕҢІСТІКТЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## Путин: мұғалімдердің орташа еңбекақысы экономика бойынша орташа еңбекақыдан 8% артты [12]

ӨАА жаңалықтары, 08.10.2015

Владимир Путин «Жыл мұғалімі» бүкілресейлік конкурс лауреаттарымен кездесуде мұғалім мәртебесін арттыру қажеттілігі туралы мәлімдеді. Президенттің сөзіне қарағанда, Ресейдегі мұғалімдердің орташа еңбекақысы экономика бойынша еңбекақыдан 8% асып, 35 мың рубльді құрады. Ресей көсемі 2005 жылы педагогтардың еңбекақысы шамамен 6,5 мың рубль болғанын еске түсірді. Бұл мемлекеттегі орташа еңбекақының 77%-ын құраған.

*Анықтама:* ҚР ҰЭМ СК деректеріне сәйкес 2015 жылғы 2 тоқсан жағдайы бойынша Қазақстанда орта білім беру мекемесіндегі қызметкердің еңбекақысы 79094 теңгеге тең, бұл мемлекет бойынша орташа айлық еңбекке ақы төлеудің 63,6%-ын құрайды.

2010 жылмен салыстырғанда РФ-ның жалпы білім беру бағдарламаларына жұмсалатын шығыстары 4 есеге артты.

2014 жылғы жиынтық бюджетте олардың сомасы 1,4 триллион рубльді құрады. Ресейлік мектептердің барлығы дерлік ғаламторға қосылған. 10 жыл бұрын бұл көрсеткіш тек 3,7% құраған болатын. Ауылдық білім беру ұйымдарында мектептік автобус деген түсінік болмаған. Ал қазір ауыл мектептерінің 98% аталмыш қызметті пайдалану мүмкіндігіне ие.

## Латвияда жұмыссыз жастардың 58%-нда орта білімі жоқ [13]

*The Baltic Course, 13.10.2015*

Латвияда 15 жастан бастап 29 жас аралығында тіркелген жұмыссыз жастардың 58%-нда жұмысқа тұруға қажет білім деңгейі, атап айтқанда, орта білімі жоқ. Бұл көрсеткіш 15-24 жастағы жұмыссыздар арасында одан да артып, 64%-ға жеткен.

Білім деңгейінің жеткіліксіздігі жастар жұмыссыздығының өсуіне бірден-бір себеп болып отыр. Eurostat-тың 2013 жылғы дерегі бойынша, орта немесе негізгі білімі бар жастар арасындағы жұмыссыздар саны жоғары білімі бар, жұмыссыз жастармен салыстырғанда екі есеге артық.

Ал білімі немесе кәсіптік біліктілігі бола тұра, жұмыссыз жүрген жастарға көбінесе еңбек нарығы қажет ететін жұмыс тәжірибесі, коммуникативтік дағдылар, компьютерлік технологиялар мен тіл білімі жетіспейді.

Жастардың барлығында жұмыс іздеу дағдылары бола бермейді, сол сияқты еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен бос жұмыс орындары туралы ақпарат бәріне бірдей қолжетімді емес. Себебі жастар негізгі мектепте тек теориялық білім алып, жұмыс, еңбек қатынастары, еңбек құқығы және басқа мәселелер туралы түсінік қалыптастырмайды.

Латвияда 2014 жылы «Жастар кепілдігі» бағдарламасы басталды. Бағдарламаны қаржыландыру 2014-2018 жж. €63,4 млн-ны құрады. Бұл бағдарлама жастарды еңбек нарығына тарту мен 15-19 жас аралығындағы жастардың білім деңгейін арттыруды мақсат етеді. 2014 жылы бағдарламаға қатысқандардың 23%-ында негізгі немесе аяқталмаған негізгі білімі, 66%-нда - жалпы орта не кәсіптік-техникалық білімі, 10%-нда - жоғары білімі болды.

## **Ресей онлайн-білім беруді күндізгі оқыту нысанымен теңестірімек** [14]

*Lenta.ru, 13.10.2015*

РФ Білім және ғылым министрлігі ЖОО студенттерінің қандай да бір курс немесе пәнді қашықтан оқу нәтижелерін ескеруге рұқсат бермек. Онлайн білім алу шеңберінде жекелеген пәндерді меңгерген студенттердің сертификатын оқу мекемелері растауға тиіс. Қазіргі кезде кез келген ресейлік ЖОО осындай сертификатты тиісті пәннен алған бағасы ретінде ескеруі үшін қажетті нормативтік негіздейіндалуда.

Әлемнің жетекші университеттері электрондық оқыту технологияларын бұрыннан қолданып келеді. Мұндай көзқарас ресейлік ЖОО-ларға әлемдік білім беру нарығында бәсекеге қабілетті болуларына мүмкіндік береді. Бұл ретте, Білім және ғылым министрілігі онлайн білім беру оқытудың классикалық түрін толығымен алмастыру үшін емес, оны толықтыру, кеңейтуге арналғандығына баса назар аударды.

2013 жылы Білім және ғылым министрінің орынбасары ЖОО-ларда онлайн курстардың кемінде 20%-ды құрауы нормаға айналуы тиіс екендігін мәлімдеген болатын. Ол сонымен қатар ведомство қашықтан электронды білім беруді дамыту бағдарламасын бекіткенін жеткізді. Министрлік қашықтан оқыту ісін дамытуға 2013-2018 жж. 5 млрд. рубльді жұмсауды жоспарлаған еді.

## **Ресей оқушыларының шамамен 70% дамуында бұзылу және ауытқу орын алады** [15]

*TACC, 06.09.2015*

Ресейде оқушылардың шамамен 70%-ның дамуында психикалық бұзылу мен ауытқу бар. Бұл туралы Сербский атындағы Федералдық психиатрия және наркология медициналық зерттеу орталығының директоры Зураб Кекелидзе әңгімеледі.

Оның сөзіне қарағанда, қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің дамуындағы психикалық бұзылулар мен ауытқулар жалпы санның 60%-ын құрайды. Оқушылар арасында бұл көрсеткіш 70-80%-ды құрайды.



Соным бірге, бастауыш сынып оқушыларының 40%-да «мектепке бейімсіздену» - баланың мектеп жағдайларына бейімделу қабілетінің бұзылуы, бұл ретте білім алу қабілетінің төмендейтіні байқалады.

Бас психиатр мектеп дәрігерлері психиатрикалық бағдарламалар бойынша оқып, балалар мен жасөспірімдердің даму ерекшеліктерінен хабардар болуы міндетті деп нақтылайды.

Кекелидзенің пікірінше мұндай жоғары көрсеткіштердің болуы ата-аналардың өз баласын қалай дұрыс тәрбиелеу керектігін білмеуімен және түсінбеуімен байланысты. Ол ата-аналарды тәрбиелеу негіздері бойынша оқытуды, ал мектепте психология пәнін өткізуді қажет деп санайды.

## **Ресейдің үздік 500 мектебінің рейтингі жасалды** <sup>[16]</sup>

*РИА Новости, 12.10.2015*

Мәскеу үздіксіз математикалық білім беру орталығы РФ Білім және ғылым министрлігі қолдауымен 2015 жылғы Ресейдің 500 үздік мектебі рейтингін дайындады.

«Ресейдің үздік мектептері» - бұл Ресейдің жыл сайынғы үздік білім беру ұйымдарының тізілімі. 2013 жылдан бастап дайындалуда. 2014 жылды қоса алғанда рейтингті қалыптастыру критерийі үшін «Бірыңғай мемлекеттік емтихан (БМЕ) нәтижелері» пайдаланылды. 2015 жылдан бастап жалпы білім беру ұйымдарының сапалы білімге қосқан үлесі 9-сынып түлектерінің негізгі мемлекеттік емтихан (НМЕ) нәтижелері бойынша анықталады. Сондай-ақ рейтингте Бүкілресейлік оқушылар олимпиадасының қорытынды және аймақтық кезеңдерінің нәтижелері ескеріледі.

Үштік көшбасын №239 Президенттік физика-математикалық лицей (Санкт-Петербург қ.), Республикалық дарынды балаларға арналған лицей (Мордовия Республикасы, Саранск қ.) және №57 мектеп (Мәскеу қ.) бастайды.

Аймақтар арасында мектептер саны бойынша ТОП-500 рейтингінде Мәскеу мен Санкт-Петербург, Татарстан, Челябин және Мәскеу облысы көш бастап тұр. Сонымен қатар рейтингте Қырым және Севастополь мектептері де бар.

## **Украиналық мектептерде оқулықпен оқытуды толығымен алып тастау қарастырылуда** <sup>[17]</sup>

*Сегодня, 02.10.2015*

Украинаның Премьер-министрі Киевтің мектеп директорларымен кездесуінде оқушылар үшін оқулықтардың орнына электрондық планшеттерді сатып алуды ұсынды. Оқулықтардың топтамасы \$50 тұрады. Электронды планшеттер кемінде 5 жыл жұмыс істей алады. Бұл мемлекеттік қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді. Мектеп директорлары осы идеяны қолдады. Олардың сөзіне қарағанда, оқушыларға өзімен бірге көп оқулықты тасып жүруге тура келеді.

Украинада [mta.ua](http://mta.ua) [18] онлайн-кітапханасы іске қосылып та үлгерді. Аталған кітапханада 1-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін барлық мектеп оқулықтарын тегін жүктеуге болады. Сайтта ұсынылған материалдар 2015 жылғы бағдарламаға сәйкес келеді.

## Ресейде ақылы бөлімдегі талапкерлердің сапасы артты

РИА Новости, 13.10.2015

«Әлеуметтік навигатор», «Бүгінгі Ресей» халықаралық медиатор және «Жоғарғы экономика мектебі» ұлттық зерттеу университеті РФ Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Ресейдің мемлекеттік ЖОО ақылы қабылдаудың сапасы - 2015» жыл сайынғы мониторинг нәтижелерін ұсынды.

Барлығы Ресейдің 412 мемлекеттік жоғары оқу орны зерттелді.

Мониторинг 2015 жылы ЖОО ақылы қабылдау сапасының артқанын және «ақылы» оқытындардың дайындық деңгейі көп жағдайда үздік 10 ЖОО «бюджеттік» негіздегі талапкерлердің деңгейімен сәйкес келетінін көрсетті. «Жасыл аймақ» деп аталатын аймақ кеңейтілді - БМЕ (Бірыңғай мемлекеттік емтихан) бойынша орташа ұпайы 70-тен артық саналатын ЖОО саны. Зерттелген 412 университеттің 14-нде ақылы студенттердің жартысынан астамы - оқу озаттары (2014-11).

*Анықтама:* «Жасыл» аймаққа үш техникалық университет (МФТИ, МИФИ және ЖЭМ МЭМИ), үш классикалық университет (СПбМУ, М.В.Ломоносов ат. ММУ және Н.И.Пирогов ат. РҰЗМУ), бір сәулет өнері институты (Мәскеу сәулет өнері институты) және алты әлеуметтік-экономикалық ЖОО (ММХҚИ, ЖЭМ ҰЗУ, Санкт-Петербург-ЖЭМ, Бүкілресейлік сыртқы сауда академиясы, Плеханов ат. Ресей экономикалық университеті және Мәскеу мемлекеттік заң университеті) кіреді.

Биылғы жылы бюджеттік қабылдауда жоғары сапаны көрсеткен университет үштігі ақылы студенттерді қабылдау сапасы бойынша да жеңімпаздар үштігін құрағаны атап өтілді. Бұл ретте МФТИ мен ММХҚИ БМЕ-нің 80 ұпайына тең межеден тарихта алғаш рет асып түсті.

*Дайджест бойынша жұмыс істегендер: Н. Черкашина,*

*Е. Коротких, Д. Ташибаева,*

*Д. Алимханова, А. Ахметжанова*

[Добавить в избранное](#) [19]

---

### Links

[1] [http://iac.kz/sites/default/files/styles/img\\_800/public/mir.jpg?itok=bt6TyMJ1](http://iac.kz/sites/default/files/styles/img_800/public/mir.jpg?itok=bt6TyMJ1)

[2] <http://www.irishexaminer.com/budget2016/budget2016-analysis/budget-2016-free-pre-school-places-will-save-parents-1500-359252.html>

[3] <https://www.washingtonpost.com/blogs/answer-sheet/wp/2015/10/07/delaying-kindergarten-until-age-7-offers-key-benefits-to-kids-study/>

- [4] [https://www.washingtonpost.com/local/education/preschool-is-good-for-poor-kids-but-its-expensive-so-utah-is-offering-it-online/2015/10/09/27665e52-5e1d-11e5-b38e-06883aacba64\\_story.html](https://www.washingtonpost.com/local/education/preschool-is-good-for-poor-kids-but-its-expensive-so-utah-is-offering-it-online/2015/10/09/27665e52-5e1d-11e5-b38e-06883aacba64_story.html)
- [5] <http://chronicle.com/article/MIT-Master-s-Program-to-Use/233685>
- [6] [https://webgate.ec.europa.eu/fpfis/mwikis/eurydice/index.php/Hungary:National\\_Reforms\\_in\\_Early\\_Childhood\\_Education\\_and\\_Care](https://webgate.ec.europa.eu/fpfis/mwikis/eurydice/index.php/Hungary:National_Reforms_in_Early_Childhood_Education_and_Care)
- [7] <http://www.lsm.lv/ru/statja/obschestvo/novosti/obrazovanie-evropa-delaet-stavku-na-ptu.a134916/>
- [8] <https://www.tes.com/news/school-news/breaking-news/government-urged-bring-back-compulsory-work-experience-under-16s>
- [9] <https://www.tes.com/news/school-news/breaking-news/pupils-become-less-happy-and-confident-they-progress-through-school>
- [10] <http://money.cnn.com/2015/10/01/pf/college/higher-education-prison-state-spending/>
- [11] <http://www.bbc.com/news/education-34292395>
- [12] <http://ria.ru/society/20151008/1298800497.html>
- [13] [http://www.baltic-course.com/rus/\\_analytics/?doc=111591](http://www.baltic-course.com/rus/_analytics/?doc=111591)
- [14] <http://lenta.ru/news/2015/10/13/minobr/>
- [15] <http://tass.ru/obschestvo/2332218>
- [16] <http://ria.ru/society/20151012/1300444098.html>
- [17] <http://www.segodnya.ua/life/education/v-ukrainskih-shkolah-hotyat-polnostyu-otmenit-uchebniki-654604.html>
- [18] [http://mta.ua/stat/pidruchniki\\_dlya\\_shkoli?utm\\_source=FB&utm\\_medium=post&utm\\_campaign=pidruchnyky](http://mta.ua/stat/pidruchniki_dlya_shkoli?utm_source=FB&utm_medium=post&utm_campaign=pidruchnyky)
- [19] <http://iac.kz/kk/flag/flag/bookmarks/2542?destination=printpdf/2542&token=27b068caf3f1d4419da9d9a046d526>